



БҰЙРЫҚ № 112 көшірме

02.05.2024 ж

«2023-2024 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту» туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы №304 бұйрықтары және Сарыағаш ауданының білім бөлімінің 15.04.2024 жылғы №142-нқ санды бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

1. Орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының өткізілуін-2024 жылдың 25 мамырда аяқталсын;

2. Аралық және қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған «Қазақ тілі пән бойынша» МЖМБС-қа (тыңдалым(тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда 27-30 мамырда өткізілсін.

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) – сынып оқушылары үшін;

1. Қазақ тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан (мақала, әңгіме, эссе) -2024 жылғы 29 мамыр;

2. Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) -2024 жылғы 3 маусым;

3. Қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) -2024 жылғы 6 маусым;

4. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан; (география) -2024 жылғы 10 маусым;

11-сынып оқушылары үшін:

1. Қазақ тілінде ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан -2024 жылғы 28 мамыр;

2. Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан-2024 жылғы 31 мамыр;
3. Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан-2024 жылғы 4 маусым;
4. Қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан-2024 жылғы 7 маусым;
5. Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, математика, дүниежүзілік тарих, қазақ әдебиеті -2024 жылғы 11 маусым);
6. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау 20 маусымнан кешіктірмей өткізілсін.
7. 1-11 сынып оқушыларының кітаптарын жинақтау, 1-кестеге сәйкес 26.05-01.06.2024 жыл аралығында оқулықтарды топтастыру, кітаптың ұқыпты, таза болуын қадағалау сынып жетекшілерге, мектеп кітапханашысы А. Айтқұловаға міндеттелсін.
8. Осы аталған бұйрықты орындау, емтихан кестесін жасау ұйымдастыру жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Сағынбаевқа міндеттелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Сарыағаш ауданының білім бөлімінің басшысының бұйрығы 29.04.2024 ж №159 санды шығыс хаты

Мектеп директоры:



К. Қалдығозова